

ДББҰ Басқармасының  
2016 жылдың 18 мамырдағы  
шешімімен бекітілген (№ 19 хаттамасы)  
(ДББҰ Басқармасының шешімдеріне сәйкес  
2017 жылдың 26 қаңтарында (№ 4 хаттамасы) және  
2018 жылдың 22 ақпанында (№12 хаттамасы) және  
2020 жылдың 4 қыркүйектегі (№42 хаттамасы)  
және 2021 жылдың 3 қарашасындағы (№56 хаттамасы)  
енгізілген өзгертулер мен толықтырулар

Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары басшыларының  
біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы бойынша

## **Бағалау нұсқаулығы**

*Бірінші басылым*

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ

«Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы баспаға ұсынған

*«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық өлшеулер орталығы, Кембридж Халықаралық Емтихан Кеңесі (КХЕК) және Кембридж университетінің Білім беру Факультеті арасындағы ынтымақтастық нәтижесінде педагогикалық қызметкерлерді тәуелсіз бағалау жүйесін әзірледі. Бұл бағалау жүйесі Кембридж университетінің Білім беру факультетімен бірлесе отырып Педагогикалық шеберлік орталығы құрастырған Қазақстан Республикасының педагогика қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша және Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы бойынша қолданылады.*

*Бағдарламаның барлық қатысушылары жалпы критерийлерге сәйкес бағаланады: бағдарламаның идеяларын білу мен түсіну, осы идеяларды өз тәжірибесінде қолдану мен идеяларды тәжірибеде жүзеге асыру рефлексиясы.*

*Бағалау қағидалары, критерийлері, стандарттары мен құралдары "Тиімді оқыту мен оқу", "Мектептегі мұғалім көшбасшылығы", "Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы" және Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдары басшыларына арналған бағдарламалары үшін жасалған; "Тиімді оқыту мен оқу", "Мектептегі мұғалім көшбасшылығы", "Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы" бағдарламалары бойынша мұғалімді бағалау қағидаларында, Экспертті бағалау нұсқаулығы мен Басшыларды бағалау нұсқаулығында, Этикалық кодексте, Тренерді бағалау үлгісінде қамтылып көрсетілген. Бұл құжаттардың ағылшын тіліндегі алғашқы нұсқалары Кембриджбен ынтымақтастықта жасалған.*

*Бағалау үдерісінде бағдарлама тренерлері мен эксперттерін аккредиттеу және бағалау сапасын сырттай қадағалауға КХЕК қатысты.*

*2012 мен 2015 жылдар аралығында КХЕК басшылығымен Педагогикалық өлшеулер орталығының эксперттері бағалау рәсімдерін өткізді. Осы кезең барысында басты назар Педагогикалық өлшеулер орталығы эксперттерінің мақсатты түрде біліктілігін арттыру болды. Бұл эксперттер 2016 жылдан бастап тренерлер мен эксперттерді тәуелсіз бағалау және аккредитациялауды жүргізе алады.*

*Осылайша, 2016 жылдың қаңтарынан бастап рәсімдер мен материалдарға барлық өзгерістер Кембридждің қатысуынсыз енгізіледі.*

© «Назарбаев Зияткерлік мектептері», 2016

Барлық құқықтар сақталады. Осы басылымды кез келген түрінде және кез келген құралдармен, фотокөшірмені және кез келген электронды нысанды қоса алғанда, авторлық құқық берушінің жазбаша рұқсатынсыз толық немесе ішінара басып шығаруға немесе таратуға тыйым салынады.

## Мазмұны

|   |    |
|---|----|
| <b>Жалпы білім беру ұйымдары басшыларын бағалау</b>                                   | 4  |
| 1. Кіріспе  | 4  |
| 2. Таныстырылымдарды бағалау  | 5  |
| 2.1. Таныстырылымдардың мазмұны   | 5  |
| 2.2. Таныстырылымдарды формативті бағалау үдерісі                                     | 6  |
| 3. Портфолионы бағалау  | 6  |
| 3.1. Портфолио мазмұны  | 6  |
| 3.2. Портфолионы бағалау үдерісі  | 9  |
| 4. Сертификаттауға ұсынылған басшылар тізімін ресми бекіту. Апелляция                 | 10 |
| <b>Тренерлерді бағалау</b>  | 11 |
| 5. Кіріспе  | 11 |
| 6. Тренер тәжірибесін бағалау   | 12 |
| 7. Тренер портфолиосын бағалау  | 13 |
| 7.1. Портфолионы бағалау қағидалары   | 13 |
| 7.2. Портфолио мазмұны  | 14 |
| 7.3. Портфолионы бағалау үдерісі  | 15 |
| 8. Сертификаттауға ұсынылған тренерлер тізімін ресми бекіту. Апелляция                | 18 |
| <b>Эксперттерді бағалау</b>   | 19 |
| <b>Қосымшалар</b>   | 20 |
| 1. Басшыға арналған стандарттар   | 20 |
| 2. 1- таныстырылымды бағалау проформасы   | 23 |
| 3. 2- таныстырылымды бағалау проформасы   | 24 |
| 4. Жалпы білім беру ұйымдары басшыларының дәлелдемелер портфолиосын бағалау рубрикасы | 25 |
| 5. Тренерге арналған стандарттар  | 30 |
| 6. Жалпы білім беру ұйымдары басшыларының тренері портфолиосының мазмұны              | 32 |
| 7. Жалпы білім беру ұйымдары басшылары тренерінің портфолиосын бағалау рубрикасы      | 35 |
| 8. Рөлдердің анықтамасы   | 39 |

## Жалпы білім беру ұйымдары басшыларын бағалау

### Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы бойынша басшыларды бағалау

#### 1 Кіріспе

Басшыларды бағалау бағдарлама идеяларын меңгеру деңгейін анықтауға, стандарттарға сай болуға, оқыту мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдарының басшыларына арналған біліктілікті арттыру бағдарламасы шеңберінде басшыларды бағалау басшы стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады: басшының өздігінен дамуы, бүкіл мектептің дамуы, әлеуметтік және кәсіби әріптестік.

Басшы стандарттары стратегиялық көшбасшылыққа, басқаруға және болашаққа назар аударуға бағытталған даму тенденцияларын және әр бағыттың критерийлерін қамтиды.

Басшыларды бағалау формативті және суммативті бағалау кезеңінде тренерлермен жүзеге асырылады. Формативті бағалау таныстырылымдар мен жазбаша есептерді дайындау арқылы оқу үрдісінде жүргізіледі. Таныстырылымды қорғау кезінде басшыға топ тренерінен формативті кері байланыс және әріптестерінен пікір алуға мүмкіндік беріледі, бұл тәжірибені дамытуға және портфолио дәлелдерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Суммативті бағалау - қашықтықтан топ тренерінің көмегі арқылы басшының мектептегі тәжірибесі және бірінші, екінші оқу кезеңдерінде жиналған портфолиосындағы дәлелдемелерді бағалау. Бағалау үрдісінде тренерлер негізгі идеяларды білу және түсіну, тәжірибеде идеяларды қолдану және идеяларды іске асыру туралы рефлексия деген бағалау критерийлерін; бағалаудың негізділігі, сенімділігі, жеткіліктілігі және түпнұсқалығы сияқты қағидаларын басшылыққа алады.

Суммативті бағалау курстар аяқталғаннан кейін ПӨО-мен жүргізіледі. Оқудың соңғы апталарында портфолионың барлық бөлімдері ПӨО порталына жүктелінеді. Портфолио ПӨО порталына жүктелгеннен кейін, екі апта ішінде топ тренері басшылар портфолиоларын бағалап, нәтижелерді ПШО-на жібереді. Қажет болған жағдайда, ПӨО эксперттері портфолионы бағалау бойынша шешім қабылдауда тренерлерге көмек көрсетеді. Сондай-ақ, эксперттер критерийлерге сәйкес тренерлердің әділ бағалайтындығына көз жеткізуі керек.

Сонымен қатар, басшылардың портфолиолары кодпен жазылып, екі аптаға созылатын тәуелсіз тренерлерге жіберіледі. Топ тренерлері мен тәуелсіз тренерлердің портфолиоларын бағалау негізінде, модерацияға түскен портфолио анықталады.

Портфолио модерациясын эксперттер жүзеге асырады.

Бағалау бойынша қорытынды шешімді ПӨО Емтихан кеңесі қабылдайды және сертификаттауға ұсынылған басшылардың тізімін бекітеді.

## **2. Таныстырылымдарды бағалау**

### **2.1 Таныстырылымдардың мазмұны**

Басшы оқытудың бірінші, екінші кезеңдерінде портфолио мазмұнына қатысты екі таныстырылым ұсынады. Бұл таныстырылымдар басшы портфолиосындағы есептердің түпнұсқалығын анықтауға септігін тигізеді және формативті бағаланады. Таныстырылымдар басшының мектептегі өзгерістерді басқару және мектептегі әріптестері мен мектепаралық сындарлы қарым-қатынастарды дамыту қабілетіне шоғырланған.

#### **Оқытудың бірінші кезеңіндегі 1- таныстырылым (20 минут)**

Бұл таныстырылым келесілерді көрсететін бес слайдтан немесе үш плакаттан тұрады:

- мектептегі бұл өзгерістерді жүзеге асыру қажеттіліктері қалай анықталды;
- бұл өзгерістерді енгізу үшін іс-әрекеттегі әріптестерді қолдау (коучинг пен тәлімгерлік) қалай өтті;
- бұл өзгерістердің тиімділігі қалай бағаланады.

#### **Оқытудың екінші кезеңіндегі 2 - таныстырылым (20 минут)**

Бұл таныстырылым келесілер кіретін бес слайдтан немесе үш плакаттан тұрады:

- мектепті дамыту жұмысына қатыстырылған барлық әріптестерді, олардың рөлдерін сызба немесе диаграмма арқылы көрсету (әріптестерін қолдайтын басқа көшбасшылар, коучтар, тәлімгерлер, коучинг сессияға қатысушылар, тәлім алушылар, ақпарат немесе мәліметтерді жинақтауға үлес қосқан адамдар, оның ішінде оқушылар және/немесе ата-аналар);
- бір негізгі әріптестің мектепті дамыту жұмысына қосқан үлесін толық сипаттау. Басшының бұл әріптеспен кәсіби қатынастарын талдау және олардың мектепті дамыту жұмысына қалай көмектескендері немесе бөгет болғандары;
- мектептегі және/немесе одан тыс жердегі оқыту және оқу тәжірибесінің дамуын қолдайтын кәсіби әріптестер қоғамдастығын құру жоспары.

## 2.2 Таныстырылымдарды формативті бағалау үдерісі

Көп оқушылары бар топтар таныстырылым күндері топшаларға бөлінуі тиіс. Таныстырылымдарды ұсынатындардың саны әр топшада 15 адамнан аспауы керек.

Әріптестердің портфолио таныстырылымдарын бағалауға қатысуы топтың барлық басшыларының оқу үдерісіне септігін тигізетін болады.

Тренерлер, басшылар мен эксперттер (егер қатысса) таныстырылымның әрбір бөлігін формативті бағалау үшін проформалар қолдануға тиісті (2 және 3 Қосымша).

## 3. Портфолионы бағалау

Портфолио – дәлелдемелердің үш түйінді критерийлерге сәйкестігінің және басшылардың Бағдарламаны табысты бітіргенінің басты көрсеткіші болып табылады.

Бұл критерийлер басшылар:

1. бағдарламада ұсынылған түйінді идеяларды түсінетінін, қажетті білім алғандығын;
2. осы идеяларды өздерінің тәжірибесінде қолданатындығын;
3. жаңа тәжірибені енгізуін рефлектілейді және өздерінің қызметін одан ары жетілдіру үшін нәтижесін ескеретіндігін көрсетеді.

Басшыға арналған стандарттар (Қосымша 1) бағалау критерийлеріне қалай жетуге болатынын анықтайды. Портфолионың әрбір бөлімі үш критерийлердің болуын көрсетуі тиіс, алайда портфолионың кейбір бөлімдеріндегі бір немесе бірнеше критерийлердің дәлелі басқаларына қарағанда анағұрлым сенімді болуы мүмкін.

### 3.1 Портфолио мазмұны

Портфолионы әзірлеуге қойылатын талаптар төмендегі кестеде көрсетілген. Бағдарламаның барлық кезеңінде, тренерлер формативті баға беріп, өз топтарындағы басшыларға портфолиосының мазмұны мен құрылымы бойынша қолдау көрсетеді.

| Бөлімдер | Сөздер саны | Қосымша құжаттар | Орындалу кезеңдері |
|----------|-------------|------------------|--------------------|
| 1        |             |                  |                    |

|  |                    |  |                 |
|--|--------------------|--|-----------------|
| <p><b>А.</b> Аралық және қорытынды кесте мен диаграммада берілген курс алдындағы кезеңде жиналған мәліметтерді талдау.</p> <p><b>В.</b> Курс алдындағы кезең шеңберінде жүргізілген мектеп тәжірибесін зерттеу мәліметтерінің негізіндегі рефлексивті есеп.</p>  | <p><b>1000</b></p> | <p><b>1-қосымша:</b><br/>Өзінің түзетулері және әріптестердің немесе/және тренердің формативті кері байланысы ескерілген, мектеп мәліметтерін талдауы бойынша таныстырылым (5 слайд)</p> | <p>1- кезең</p> |
| <p><b>2</b></p>  |                    |  |                 |
| <p><b>С.</b> Мектепті дамыту жоспары, 1- нұсқа мазмұнына келесілер енгізілген:<br/>бағдарламаның түйінді идеялары, күтілетін нәтижелер, күтілген нәтижелермен мақсаттарға жетуге жоспарланған әрекеттер, басшының командадағы рөлі, үдеріс және нәтиже мониторингісі мен бағамдауы.<br/>Жоспарлау тәсілі мен күтілетін нәтижелерді бағалауды сипаттайтын қысқаша түсіндірме.</p> | <p><b>250</b></p>  |  | <p>1- кезең</p> |
| <p><b>3</b></p>  |                    |  |                 |

|  |                    |  |   |
|--|--------------------|--|---|
| <p><b>D.</b> Зерттеудің алғашқы нәтижелерінің талдауымен мектеп дамуының сынамалық жоспарлауының жүзеге асу үдерісі туралы рефлексивті есеп.</p>   | <p><b>1000</b></p> | <p><b>2-қосымша: Мектепті дамыту жоспарының 1-нұсқасын жүзеге асыру бойынша дәлелдемелер</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тәлімгерлік үдерісі.</li> <li>2. Коучинг үдерісі.</li> <li>3. Зерттеу сабағы (Lesson study).</li> <li>4. Сабақтағы өзгерістер: <ul style="list-style-type: none"> <li>- сабақты жоспарлау,</li> <li>- басшының сабақтағы бақылауды өткізуі,</li> </ul> </li> <li>5. TALIS -1 11, 18 және 24- сауалнама сұрақтары бойынша кестелері және графикалары</li> </ol>  | <p>2- кезең</p>                             |
| <b>4</b>   |                    |  |   |
| <p><b>E.</b> Стратегиялық басымдықтары, іс-әрекеттер және жүзеге асыру, коучинг пен тәлімгерлікті қосқанда, және эвалюация жоспары бар мектеп дамуының 2 жоспары. TALIS 11, 18 және 24 зерттеу мәліметтерінің сұрақтары бойынша талдау; мектепті басқарудағы қиындықтарды түсінуге және мектептің негізгі даму бағытын анықтауға көмектесуі туралы негіздеме-түсініктеме (500 сөз)</p> | <p><b>500</b></p>  |  | <p>2 - кезең</p>                            |
| <b>5</b>   |                    |  |   |
| <p><b>F.</b> Ұзақ мерзімді тәжірибе кезіндегі мектептің даму үдерісі туралы қорытынды есеп</p>   | <p><b>1500</b></p> | <p><b>3-қосымша: Мектепті дамыту жоспарының 2-нұсқасын жүзеге асыру бойынша дәлелдемелер</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Желілік қоғамдастық.</li> <li>2. Тәлімгерлік үдерісі.</li> <li>3. Коучинг үдерісі.</li> <li>4. Сабақты зерттеу (Lesson study).</li> <li>5. Оқыту мен оқудағы өзгерістер: <ul style="list-style-type: none"> <li>- сабақты жоспарлау,</li> <li>- басшының сабақты бақылауын өткізуі.</li> </ul> </li> <li>6. TALIS-1 және TALIS-2 сауалнамаларының 11,18,24 сұрақтары бойынша салыстырмалы кестелер мен диаграммалар.</li> </ol> | <p>Мектептегі тәжірибенің екінші кезеңі</p> |
| <p><b>Барлығы</b></p>  | <p><b>4250</b></p> |  |   |



## 3.2 Портфолионы бағалау үдерісі

Портфолиолар бағалау үшін тәуелсіз тренерге және топ тренеріне онлайн түрде қолжетімді болады.

### 3.2.1 Формативті бағалау

Оқытудың бірінші кезеңінің соңында басшылар № 1-ден № 2-ке дейінгі (А, В, С, есептер) портфолио бөлімдерін электронды түрде тапсырады. Осы кезеңде топ тренері (4-қосымшадағы) критерийлерге сәйкес есептерді формативті бағалайды және формативті пікір береді.

Оқытудың екінші кезеңінің соңында басшылар № 3, № 4 бөлімдерін (D, E есептер) электронды түрде тапсырады. Топ тренері портфолионың барлық есептерін формативті бағалайды.

Эксперт формативті бағалау барысында тренерге қолдау көрсетеді. Эксперттің тренерге кеңес беруі мектептегі екінші тәжірибе кезеңінде де жалғасады.

### 3.2.2 Суммативті бағалау

Мектептегі екінші тәжірибенің соңында басшылар №1 бастап № 5 дейінгі (А бастап F дейінгі есептер) бөлімдері кіретін портфолионың қорытынды нұсқасын веб-порталға жүктейді. Тренерлер әрбір басшының портфолиосындағы А, В, С, D, E, F, есептерін суммативті бағалап, алдын ала баға қояды. Осыдан соң тәуелсіз тренер портфолионы дербес бағалайды. Эксперт портфолионы келесі жағдайларда модерациялайды:

- топ тренері мен тәуелсіз тренердің портфолиоға қойған бағаларында айырмашылық болған кезде;
- топ тренері/тәуелсіз тренер портфолионы «шекті деңгей», «қанағаттанғысыз», «жақсы» деп бағалаған жағдайда;
- плагиат анықталғанда.

Модерация үдерісінен кейін портфолиосына «шекті деңгей» немесе «қанағаттанғысыз» бағалары қойылған басшылар топ тренерінің формативті пікірін алады және жетілдірілген портфолионы қайта тапсыру мүмкіндігіне ие болады. Тәуелсіз тренер жетілдірілген портфолионы қайта бағалайды, одан әрі портфолио «жақсы» деген бағаны ала алмайды. Егер де портфолио қайтадан «шекті деңгейге» бағаланса, тәуелсіз тренер портфолионы жақсартуға соңғы мүмкіндік бере отырып, бағаланатын басшыға формативті пікір жібереді. Портфолиосы екі реттен артық «қанағаттанарлықсыз» деп бағаланған басшылар білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен оқудан шығарылуға жатады.

#### **4 Сертификаттауға ұсынылған басшылар тізімін ресми бекіту. Апелляция**

Қорытынды бағалар сертификаттауға ұсынылған басшылар тізімін құру және басшыларды сертификаттауға ұсыну бойынша Емтихан кеңесіне (одан ары - Емтихан кеңесі) пайдаланылады. Емтихан кеңесі сертификаттау тізімін бекітеді. Емтихан кеңесінің құзыретіне басшылардың «есептелмеді» бағалануы және кезкелген тәртіп бұзушылық жағдайларды қарастыру кіреді. Дәлелдемелерге сүйене отырып, кеңес қайта тапсыру жөнінде шешім қабылдайды.

Портфолиосы «қанағаттанғысыз» бағаланған басшыларға, портфолионы қайта тапсыруға рұқсат беріледі. Топ тренері басшылардың электрондық поштасына портфолионы қалай жақсарту туралы ұсыныс жібереді. «Қанағаттанғысыз» баға себептерінің негіздемесі суммативті бағалау үдерісінде ұсынылады және Педагогикалық өлшеулер орталығымен (одан ары – ПӨО) қол қойылады.

Емтихан кеңесі ауыру немесе жеке жағдайлардың себебінен бағдарлама бойынша оқуды аяқтамаған басшылардың жағдайларын қарастырады.

Емтихан кеңесі барлық ереже бұзушылық жағдайларын, оның ішінде плагиатты қарастырады. Емтихан кеңесі плагиат жағдайлары бойынша басшының қайта тапсыру мүмкіндігі жөніндегі шешім қабылдайды.

Емтихан кеңесінен соң сертификаттауға ұсынылған және ұсынылмаған басшылардың ресми тізімі құрастырылады және де сертификаттауға ұсынылмаған басшылар үшін қайта тапсыру бойынша шешім қабылданады.

Басшыларды сертификаттау нәтижелері туралы оқу орталығы хабардар етіледі.

#### **Апелляция**

Басшылардың «есептелмеді» шешімін апелляцияға беруге құқығы бар. Эксперттер, тимлидерлер, бас экспертпен қабылдаған бағалау және портфолио сапасы бойынша модерация шешімдері қарастырылмайды. Апелляция осы құжатта сипатталған бағалау үдерісі сақталмаған жағдайда ғана жүргізіледі. Бұл жағдайда ПӨО-ға апелляцияға негіз болатын басшының дәлелдемелер тіркелген және егжей-тегжейлі сипатталған өтініші.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген мерзім ішінде ПӨО апелляция шешімі бойынша басшы өтінішін қарастырады және дәлелді жауап береді.

## Тренерлерді бағалау

### 5 Кіріспе

Басшылар бағдарламасы бойынша тренерлерді бағалауды жоспарлау мен реттеу тәсілі білім беру бағдарламаларының оқыту, үйрету және бағалау қағидаларымен, көзқарастарымен толық сәйкес келеді. Бағалау ПӨО-мен өткізіледі және координацияланады.

Біліктілікті арттыру жүйесінде бағалау оқытудың ажырамас бөлігі болып табылады. Тренерді бағалау кәсіби тәжірибесі мен оқытуының тиімділігін арттыру мақсатында жасалған. Формативті бағалау да, суммативті бағалау да оқытудың бір бөлігі ретінде қарастырылады, яғни оқытудың ажырамайтындығын көрсетеді.

Тренерлер басшылардың біліктілін арттыру бағдарламасын толық игеру және ендіруінде, олардың кәсіби іс-әрекеті мен оқыту нәтижелерін бағалауда маңызды роль атқарады.

Бағалау тренерлердің «Кәсіби құндылықтар», «Жоспарлау», «Оқыту», «Бағалау» және «Эвалюация» бөлімдері бойынша стандарттарға жетулеріне қолдау көрсетеді.

Формативті бағалау тәлімгерлік арқылы жүргізіледі. Суммативті бағалау түйінді критерийлерге сай, портфолио дәлелдемелерінде келтірілген тренердің қызметі және кәсіби көзқарасын негізге ала отырып жүргізіледі. Тренерлер өзінің портфолиосы үшін дәлелдемелерді басшыларды оқытуда сапаны (нәтижелілігін) анықтау үдерісінде жинайды.

Тренерлердің білімі мен тәжірибесін эксперттер бағалайды. Тренерлерді бағалау басшыларды бағалаумен тығыз өзара байланыста жүргізіледі және бірдей құндылықтар мен қағидаларға негізделеді.

Эксперттер тренерді бағалаудың жоғары этикалық стандарттарға сай жүргізілуіне жауап береді, жұмыста адалдық, тиімділік, еңбекқорлық және кәсібилікті көрсетеді.

Бағалау адекватты/сәйкес және сындарлы болуы керек. Бағалауға ұсынылған қызмет дәлелдемелері кәсіби даму мен қызметтің маңызды бөлігі болып табылады (жоспарлау педагогикалық тәжірибенің негізін құрайды). Нақты дәлелдемелерге негізделетін формативті және суммативті бағалаудың арасына нақты шек қойылуы тиіс. Эксперттер **нені, қайдан және қалай** іздеуін түсіну үшін бағалау критерийлері мен дәлелдемелердің түрлерінің арасына нақты координация қажет. Бағалаудың критерийлерге негізделуі оның негізгі қағидасы болып табылады. Бұл тренердің белгіленген критерийлер бойынша сәйкес стандарттарға қол жеткізу үшін дәлелдемелерді пайдаланғанын көрсету керектігін білдіреді.

Басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасын толық меңгерту үшін оқу мен оқытудың жаңа тәсілдерін түсінетін, жоғары уәжделген, білікті тренерлер тобы қажет.

Басшылардың оқу сапасын бағалаумен (нәтижелілік) қатар, тренерлер өзінің жеке оқуы мен тәжірибесін бағалауы тиіс, сол арқылы өз жұмысының сапасын көрсету үшін портфолио дәлелдемелерін жинақтайды. Эксперттер тренердің білімі мен тәжірибесін басшыларды бағалауда қолданылатын бағалаудың түйінді критерийлеріне сәйкес бағалайды. Критерийлерге сай болған жағдайда, тренер сертификатталады.

## **6 Тренер тәжірибесін бағалау**

Жоспарлау, оқыту, оқу мен бағалау бойынша тренер тәжірибесін формативті бағалау оқытудың екінші кезеңінде аймақта бекітілген эксперт арқылы жүзеге асырылады.

Тренерді формативті бағалаудың мақсаты:

- тренер тәжірибесінің күшті және әлсіз жақтарын анықтау;
- тренер тәжірибесі мен оқытуын дамытудың жеке мақсатымен келісу;
- өзекті мәселелер бойынша қосымша әдебиеттер, сындарлы кері байланыс ұсыну арқылы ары қарай кәсіби дамуын ынталандыру.

Бақыланатын оқу сессияларын бірігіп талқылау тренер тәжірибесін және оқытуын дамыту үшін жеке мақсаттарын белгілеуге, даму бағыттарын анықтауға/келісуге көмегін тигізеді. Тренер өзінің тәжірибесіне енгізген өзгерістеріне сәйкес кері байланысты, олардың тиімділігін анықтау және бағалау үшін ала алады. Кері байланыс тренерге өзінің алдағы жоспарына жетілдірулер енгізуіне көмектеседі.

Егер тренер сертификатталатын болса, онда оған А бөлімінің есебін дайындауы қажет болады. Эксперт оған қолдау көрсетеді. Тренер бағдарламаның түйінді идеяларын білетіні мен түсінетіндігін, рефлексия жасау дағдысын растап, бөлімнің барлық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін эксперттің ұсыныстарына сәйкес және өзін-өзі бағалау мен рефлексия нәтижелеріне сүйене отырып, өзінің есебіне толықтырулар мен өзгерістер енгізуге міндетті.

В, С есептеріне кеңес беру де екінші оқыту кезеңінде жүргізіледі. Эксперт тренердің бағалау критерийлеріне, есеп талаптарына сәйкес дәлелдемелерді қалай ұсыну қажет екендігін білетіндігіне және түсінетіндігіне көз жеткізуі қажет.

Оқытудың екінші кезеңінде тренердің тәжірибесін бақылау барысында эксперт басшылардың стандарттарға сай болуы және тиімді қолдау көрсету үшін, тренердің формативті бағалауды пайдалануын бақылап, сол бойынша тренермен бірге талқылау жүргізеді.

## 7 Тренер портфолиосын бағалау

### 7.1 Портфолионы бағалау қағидалары

Жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курстары Бағдарламасының тренерлері бағдарламаның қағидасы және тәжірибесіне сәйкес өзінің рөлін атқарады. Егер де тренер сертификатталмаған болса, оған суммативті бағалану үшін ең бірінші тренерлік тәжірибеге негізделген дәлелдемелер портфолиосын ұсыну қажет. Бұл портфолио осы нұсқаулық негізінде құрылуы керек және ол «Тиімді оқыту мен оқу», «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы», «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы» білім беру бағдарламалары шеңберінде «Тренерді бағалау үлгісі» негізіне сәйкес бағаланады.

Басшыларды оқыту Бағдарламасында тренерге арналған кәсіби стандарттар 5-қосымшада берілген. Басшыларды оқыту Бағдарламасының тренерлері «Тиімді оқыту мен оқу», «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы» және «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы» бағдарламалары тренерлерінің стандарттарына қоса, осы кәсіби құндылықтар, білу мен түсіну және дағдыларға сәйкестікті көрсетуі керек.

Портфолио дәлелдемелері келесідей болуы керек:

- құрылымдалған: дәлелдемелердің тиісті бөлігін тауып алуға болатындай, портфолио жеткілікті түрде жүйелі дайындалған ба;
- валидті: дәлелдеме талаптарға сәйкес келе ме, мысалы, «Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасы бойынша тренер портфолиосының В есебінде 4 тізбектелген сессияларды жоспарлау жазбасы бар ма;
- жеткілікті: барлық дәлелдемелер баржәне олар талаптарға сәйкес пе;
- түпнұсқа: барлық ұсынылған дәлелдемелер тренердің жеке өз жұмысы болып табыла ма.

Бағалаудың анық және толық көрінісін ұсыну үшін арнайы дайындалғандықтан, тренер тарапынан портфолионың құрылымына қойылатын талаптар нақты сақталуы қажет. Егер тренер тиімсіз немесе сәйкес емес ақпаратты, жеткіліксіз немесе тым көп мәтінді ұсынса, не болмаса мәліметтің бір бөлігін қалдырып кетсе – бағалау шешіміне елеулі әсерін тигізетінін есте сақтау керек. Бұл портфолионың «есептелмеді» деп бағалануын білдіреді.

Мұндай талаптар тренерлердің наразылықтарын туғызуы мүмкін, өйткені олар көбірек дәлелдемелер ұсынуға тырысады. Алайда портфолиода көп болсын, аз болсын талап етілетіні – кәсіби жұмыстың белгілі бір бөлігін ой елегінен өткізіп сипаттау, соның ішінде, тапсырмаларды орындауға жауапты қарау, талаптарды, айталық, тапсыру мерзімі мен портфолионың құрылымын рәсімдеуді сақтау.

Портфолионың бұл форматы тренер портфолиосын бағалау критерийлеріне сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталған. Құрылымның өзі тренерлерге өзін

неғұрлым жақсы жағынан көрсетуге мүмкіндік береді.

## 7.2 Портфолио мазмұны

Сертификаттауға арналған тренер портфолиосы немесе басқа бағдарламаны растау портфолиосы келесі есептерді қамтиды: А есебі (түйінді идеяларды білуі және түсінуі), В есебі (Тиімді тәжірибе), С есебі (Рефлексия және даму) (6.1 -қосымша).

Ағымдағы тәжірибе бойынша тренер портфолиосы В есебінен (Тиімді тәжірибе) құралған (6.2-қосымша). Ресертификаттау рәсімін өту кезінде В (Тиімді тәжірибе) және С (Рефлексия және даму) есептері ұсынылады (6.3-қосымша).

Тренер жылына кемінде 1 (бір) рет портфолио ұсынады. Бұл портфолио оқыту мен оқытуда жаңа тәсілдерді қолдану тәжірибесін қалай жақсартатынын және дамытатынын, сондай-ақ тұтас алғанда бағдарламаның табыстылығына ықпал ететін оқуының үздіксіздігін куәландырады.

### Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілігін арттыру курстары Бағдарламасы тренерлерінің портфолиосының жалпы құрылымы

| Бөлімдер |   | Сөздер саны                           |
|----------|---|---------------------------------------|
| <b>А</b> | <b>Түйінді идеяларды білу және түсіну</b><br>Мектеп тәжірибесінде өзгерістер қажеттігін негіздеу бөлімі:<br>енгізу және басқару | <b>2500</b>                           |
| <b>В</b> | <b>Тиімді тәжірибе</b><br>Жоспарлау, оқыту және бағалау бойынша бөлім   | <b>750</b>                            |
| <b>С</b> | <b>Рефлексия мен даму</b><br>Болашақ тәжірибесіндегі оқуы мен өзгерістер бойынша бөлім  | <b>750</b> (ресертификаттау–<br>1500) |

### 7.2.1. Тренерлердің үздіксіз дамуының дәлелдемелер портфолиосы

Сертификатталған тренер оқытуды жүргізген белгілі бір бағдарлама бойынша әрбір лектің соңында жылына бір мәртеден кем емес В және С бөлімдерін (750 сөз) (6.1 қосымша) әзірлеуі керек. Бұл бөлімді бекітілген эксперт формативті бағалайды. В және С бөлімдерінде көрсетілгендей, тренердің үздіксіз жүйелі дамуы туралы ақпаратты жинауы басқарымды болып қана қоймай, тренердің өзіне де пайдалы болуы керек. Мәліметтер тренердің қызметі мен тәжірибесінің талдауына негізделіп, тиісті форматта ұсынылады.

Бекітілген эксперт берген кері байланыс тренерге болашақта сабақ беруіне көмектеседі. Бұл үдеріс қайталауға мақсатталмаған - жаңа идеялар және тәжірибемен сапаландырылған, курстың әрбір легімен тренер тәжірибесін қайта ұғынатын кәсіби оқудың спиральдары болып табылады.

## 7.2.2.Ресертификаттауға арналған тренердің дәлелдемелер портфолиосы

Ресертификаттауға негіз болады:

- ресертификаттауға дейінгі кезеңдегі тренердің тәжірибесі мен дамуына жалпы шолу;
- ресертификаттауға дейінгі кезеңдегі тренердің тәжірибесі мен дамуының В бөліміндегі дәлелдемелеріне жалпы шолу;
- бекітілген және тәуелсіз эксперттермен суммативті бағалаған курстың соңғы легіндегі тәжірибе негізінде дайындалған В және С бөлімдерінің дәлелдемелері. Сонымен қатар, С бөлімінде тренердің ресертификаттауға дейінгі тәжірибесінің бүкіл кезеңінің рефлексиясы көрініс табады.

Ресертификаттау шеңберінде тренер портфолиосын бағалауды бірізділікпен бекітілген эксперт, тәуелсіз эксперт және тимлидер (қажет болғанда) өткізеді. Ресертификаттауға ұсыныс ПӨО Емтихан кеңесіне бекіту үшін беріледі. Тренерлерді ресертификациялау аралығы 2 (екі) жылды құрайды.

## 7.3 Портфолионы бағалау үдерісі

### 7.3.1 Портфолионы формативті бағалау

*Тренер портфолиосын формативті бағалау* екі кезеңнен тұрады:

1-кезең – аймаққа эксперттің келу кезеңіндегі портфолио бөлімдерін формативті бағалау. Бұл кезеңде экспертте А бөлімін (сертификаттау, басқа бағдарламаны растау жағдайында) және ішінара В бөлімін формативті бағалауға мүмкіндік бар.

2-кезең – тәуелсіз тренер ретінде басшылар портфолиосын бағалау аяқталғаннан кейін екі апта ішіндегі қашықтықтан бағалау. Бұл кезеңде В және С есептері бағаланады.

Тренерді формативті бағалаудың мақсаты:

- білім беру сапасын жақсарту мүмкіндіктерін анықтау;
- осы мүмкіндіктерді жүзеге асыру әдістері мен нысандарын анықтау;
- білім алуына жәрдемдесу.

Эксперттер бағалау барысында тренердің Бағдарламаның түйінді идеялары мен өзгеріске деген көзқарасына; қызығушылығы мен Бағдарламаның мақсаттарын табысты іске асыруына; өз тәжірибесіне оқыту мен оқудың жаңа тәсілдерін қолдану ұмтылысы мен қолдану мүмкіндігіне назар аударады.

Эксперттің осы кезеңдегі тәлімгерлігі тренердің портфолио есептерін дайындаудағы рефлексивті тәжірибесін қолдауында болып табылады. Эксперт портфолио есептерін оқиды және негізгі критерийлерге сәйкестігін бағалайды. Эксперт формативті бағалау барысында тренердің кәсіби дағдыларын дамыту үшін пікір/ұсыныстар жазбаша кері байланыс түрінде ұсынылады.

Формативті бағалау құралы болып дәлелдемелердің ең қысқа талаптары көрсетілген тренер портфолиосын бағалау рубрикасы табылады.

Эксперт бағалауға сындарлы және оң қарауы керек. Эксперттің кәсіби тренерлер жұмысын бақылауы, жазалау әрекетінен гөрі, жағымды жетістіктерін мақұлдауға бағытталған.

Әрбір портфолио тренердің жеке жетістіктерінің дәлелдемесі: тәжірибе дәлелдемелерімен қуатталған рефлексиясында кәсіби өмірінің аспектілері жайлы баяндауы болып табылатынын ескеру керек. Тренер ұсынған дәлелдемелерінде өз ойынан, «жүрегі» мен «қолынан» көп нәрселерді қосады. Эксперт портфолионы оқып, тренердің кәсіби құндылықтары, сонымен қатар білімі, түсінігі мен дағдылары туралы біледі. Эксперт осы тренердің басқаларды оқытып әрі өзі оқи отырып, кәсіби тұрғыдан қалай өскендігін зерттейді.

### **7.3.2 Портфолионы суммативті бағалау**

Сертификаттау/ресертификаттау барысында бағалау критерийлері мен стандарттар талаптарына сәйкестігін растау үшін тренер портфолиосы алдымен бекітілген экспертпен, сонан соң тәуелсіз экспертпен суммативті бағалау үдерісінен өтеді.

Тренер өз портфолиосын құрастыруға жауапты, дегенмен тренер мен экспертке қолайлы болу үшін портфолионы бағалауда дәлелдемелердің минимальды талаптары көрсетілген рубриканы қолдану қажет. Бұл рубрикалар суммативті және формативті бағалау үшін де қолданылады. Тренер портфолиосын бағалау талаптары б- қосымшада баяндалған.

Бағалау туралы шешім шығару үшін бағалаудың үш түйінді критерийіне сәйкес тренер портфолиосының дәлелдемелерін тексеру эксперт рөлінің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл эксперттің нақты және әділ шешімдерді шығару үшін критерийлерді біліп, түсінетіндігін көрсетеді.

Тренердің дәлелдемелері үш түйінді критерийге жеткілікті түрде сәйкес келетіндігін анықтау үшін эксперт портфолионы біртұтас (холистикалық) қарастырады. Бұл жоғары кәсіби пайымдау дәрежесін талап етеді.

Эксперт тренерлерге «есептелді» немесе «есептелмеді» бағасын қояды:

- тренер портфолиосы бағалаудың үш түйінді критерийіне сәйкес болса, «есептелді» деген баға қойылады.
- дәлелдемелер жоқ немесе жеткіліксіз және талаптарға сәйкес болмаса, «есептелмеді» деген баға қойылады.

### **7.3.3 Портфолионы тәуелсіз бағалау**

Тренердің аты-жөні, оқу орталығы, курс өткізу аймағы немесе фотосуреттер



сияқты жеке ақпараттар жойылып, кодталған түрдегі тренер портфолиосын тәуелсіз эксперт алады. Тренердің тәлімгері болып табылмайтын тәуелсіз эксперт өздігінен, бекітілген эксперттің қандай да бір араласуынсыз немесе ықпалынсыз портфолионы бағалайды. Тәуелсіз эксперт **«есептелді»** немесе **«есептелмеді»** бағаларын қояды.

Тренердің стандарттары, портфолионы бағалау критерийлері және талаптарымен эксперттің таныс екендігіне негізделген, қажет болған жағдайда сүйену үшін түсінікті және қолжетімді болатын ұсыныстар.

1. Портфолионы қарастырған кезде эксперт бағалау критерийлеріне қарамай, алдымен оны толық оқып шыққаны жөн. Бұл тренингіні бақылау формасы, формативті пікірлер және т.б. қоса тіркелген құжаттардың сапасын түйсінуге көмектеседі, бірақ оларды жіктеп оқымай, тұтас оқып шыққан дұрыс. Бұл рубрикалар бойынша кез келген сәйкессіздікті анықтауға көмектеседі.

2. Портфолионы оқығаннан кейін, эксперт жұмыстың дәлелдемелері тренерге қатысты келесі жағдайларды растай ма, жоқ па, соны анықтайды:

- түйінді идеяларды **біле ме және түсіне ме;**
- осы идеяларды өз тәжірибесінде **қолдана ма;**
- жаңа әдістемелерді енгізуге **рефлексия** жасай ма, одан әрі дамуы үшін өзгерістерді есепке ала ма.

3. Эксперт дәлелдемелермен таныс болған соң бағалау рубрикаларын қолдана отырып дәлелдемелердің бағалау критерийлеріне сәйкестілігін тексеруге кірісуге болады. Бұл дәлелдемелер қаншалықты «оңай» табылатындығын анықтайды. Мысалы, рефлексиялық есептер орынды және шоғырланған ба немесе жалпы және сипаттамалы ма? Тренерлерге әр модуль мен идеяны үстіртін түсінгені емес, тәжірибесін дамытуға ықпал ететін бағдарлама идеяларына ашықтық пен әрекеттестікті көрсету маңызды.

4. Сонан соң экспертке тренердің дайындаған портфолиосында критерийлері қалай көрініс тапқаны не таппағанына баса назар аудару қажет. Рубрикаларды қолдану кезіндегі қысқа жазбалар экспертке бағалау туралы нақты шешімге келуге көмектеседі. Егер де шешім қиындықтар туғызып немесе таласқа түсетін болса, бұл жазбалар пайдалы болады.

5. Талаптарға сәйкес (сәйкес емес) дұрыс құрылымдалған портфолио тексерілуі тиіс. Алайда **«есептелді»** мен **«есептелмеді»** аралығындағы портфолиолардың шешім қабылдауға әсер етуі мүмкін дәлелдемелерді эксперт мұқият қарастыруы қажет.

6. Кей жағдайларда эксперт бас экспертпен келісіп алуы пайдалы болуы мүмкін. Мұндай жағдайларға жұмыс өтіліне тәуелсіз кез келген эксперт тап болуы мүмкін. Олардың тәжірибесіне қарамастан, келесі әрекеттеріне дұрыс бағыт беру үшін басқару мен көмек кез келген жағдайда қажет болады.

7. Егер эксперт тренерлердің бір бағдарлама бойынша оқып жатқандығына немесе бір мекемеде жұмыс істейтіндігіне қарамастан, олардың портфолиосының мазмұны бірдей екендігін анықтаса: эксперт тренер портфолиосы туралы ПӨО-ға хабарлауы керек; плагиатқа қатысты туындаған күдіктің себебі туралы қысқаша есеп-негіздеме жазуы керек.

### 7.3.4 Модерация

Бекітілген және тәуелсіз эксперттің бағасы арасында айырмашылық болған

жағдайда модерация жасау қажет. Портфолио жаңадан бағаланып, қорытынды шешім шығарылады. Егер тренердің портфолиосы модерацияға жатқызылса, онда екінші тәуелсіз эксперт модерация жасайды. Екі тәуелсіз эксперт пен бекітілген эксперт қойған бағалар арасындағы айырмашылық сақталған жағдайда, суммативті баға жөнінде эксперттер тимлидері шешім қабылдайды. Тимлидерден кейін де тренердің портфолиосын бағалауда айырмашылық сақталған жағдайда, модерация үдерісіне бас эксперт араласады.

Модерация портфолио дәлелдемелерінің негізінде бағалау рубрикалары мен критерийлеріне сәйкес әділ жүргізіледі. Бұл рәсімнің стандартты формуласы жоқ. Мысал үшін, егер алдын ала бағалаудың нәтижесі «есептелді», ал тәуелсіз бағалауда «есептелмеді» қойылса, онда модерация рәсмін өткізу керек, бірақ бұл да модерация нәтижесін түбегейлі шешпейді.

Модерация валидтілік, жеткіліктілік, түпнұсқалық пен сенімділікті қамтамасыз ететін бағалау үдерісінің елеулі құрамдас бөлігі болып табылады. Ол бағалау барысында үдеріске қатысушылар үшін стандарттарды түсіну, критерийлерді қолдану мен дәлелдемелерді интерпретациялауды дамытудың мүмкіндігі болып табылады. Бұл бағалау тәжірибесін жақсартуға бағытталған.

Бағалау жүйесі расталуы керек. Сапаны растаудың ішкі рәсімдеріне сүйене отырып, ПӨО бағалау үдерісінің стандарттарға сәйкес болуына көмектеседі. Сапаны бағалау тәжірибеде бағалау сапасына қатысты мәліметтерді жинау және талдау болып табылады. Бағалау сапасын растауды тимлидерлер тобы мен бас эксперт жүргізеді.

Бұл біртұтастық пен сапа соңғы қорытындысында стандарттарға сәйкес бағалау рәсімдері арқылы тренер мәртебесіне жетудің табысты болғандығын көрсететін сертификаттаумен расталады.

## **8. Сертификаттауға ұсынылған тренерлер тізімін ресми бекіту. Апелляция**

Модерация үдерісінен кейін тренерлер мен эксперттерді сертификаттау жөніндегі Емтихан Кеңесіне (бұдан ары – Емтихан Кеңесі) тапсыру үшін тренерлерге қойылған барлық бағалар тізімді жасауға пайдаланылады. Емтихан Кеңесі сертификаттау туралы соңғы шешімді қабылдап, сертификаттарды алу тізімдерін бекітеді. Емтихан кеңесінің құзыретіне тренерлердің «есептелмеді» бағалануы мен кез келген рәсім бұзушылық жағдайларын қарастыру кіреді.

Тренер портфолиосы «есептелмеді» деп бағаланған жағдайда, бір рет қайта тапсыру мүмкіншілігі бар. Соңынан ПӨО тренерлерге портфолиосын жақсартуға ұсыным жібереді. «Есептелмеді» бағасының негіздемесі суммативті бағалау барысында ұсынылады және ПӨО бекітіледі.

Емтихан кеңесі барлық рәсім бұзушылық жағдайларын, оның ішінде плагиатты қарастырады және тренер портфолиосын қайта тапсыру мүмкіндігі жөніндегі соңғы шешім қабылдайды. Емтихан кеңесінің отырысында сертификаттауға ұсынылған және ұсынылмаған тренерлердің ресми тізімі бекітіледі, сонымен қатар тренерлердің қайта тапсыруы туралы шешім қабылданады. ПӨО жарияланған тізім

бойынша тренерлерді сертификаттау нәтижелері мен олардың қайта тапсыру мүмкіндіктері туралы хабардар етіледі.

## **Апелляция**

Тренерлер «есептелмеді» шешімін апелляцияға беруге құқығы бар. Эксперттер, тимлидерлер, бас экспертпен қабылдаған бағалау және портфолио сапасы бойынша модерация шешімдері қарастырылмайды. Апелляция осы құжатта сипатталған бағалау үдерісі сақталмаған жағдайда ғана жүргізіледі. Бұл жағдайда негіз болатын тренердің ПӨО-ға апелляцияға дәлелдемелер тіркелген және егжей-тегжейлі сипатталған өтініші.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген мерзімі ішінде ПӨО апелляция шешімі бойынша тренер өтінішін қарастырады және дәлелді жауап береді.

## **Эксперттерді бағалау**

Эксперттер басшылар бағдарламасы бойынша сертификатталған болуы керек, өз рөлін бағдарламаның қағидаларына, жоспарына және тәжірибесіне сәйкес орындайды, сонымен қатар бағалауда ғана емес, білім саласындағы басқаруда да тиісті тәжірибелері болуы керек.

Эксперттің үздіксіз дамуының дәлелі басшылар бағдарламасындағы эксперт жұмысының мазмұны мен тәжірибесіне негізделеді және эксперт портфолиосының С бөлімінде көрініс табады.

Бекітілген тимлидер берген кері байланыс экспертке болашақта бағалау тәжірибесіне көмектеседі. Эксперттер өздерінің білімі мен дағдысын қалай күшейтетіндігі мен тереңдететіндігін, өздерінің қалай дамитындығын, көрсете алады.

**Басшыға арналған стандарттар**

| Басшы стандарттары   | Табыс өлшемдері  |
|--|--|
| <b><i>Басшының өздігінен дамуы</i></b>   |  |
| <p><b>1а. Стратегиялық көшбасшылық</b></p> <p>1. Заманауи басшының рөлін түсіну:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• қағидалар мен құндылықтары;</li> <li>• моральдік қағидалар;</li> <li>• әлеуметтік капиталды ұлғайту.</li> </ul> <p>2. Тұлға ретінде және кәсіби дамуды ұйымдастыра алу, заманауи инновациялар туралы хабардар болу;</p> <p>3. Стратегиялық жоспарлаудың маңызын білу және түсіну;</p> <p>4. ПШО бағдарламасын, тыңдаушылар қағидаттары мен тәжірибесін білу және түсіну.</p> | <p>1. Түрлі тыңдаушыларға арнап жазбаша және таныстырылым түрінде мектептің білімдік құндылықтары мен моральдік мақсатын тұжырымдай алу. Алқаласып және бірлесіп мұғалімдер тобымен, ата-аналармен жұмыс істеу.</p> <p>2. Жоспарлау барысында «Басшыға арналған нұсқаулықта», білім алушылардың кәсіби қоғамдастығында, зерттеу материалдарында айтылған ойларды қолдану.</p> <p>3. Мектептің даму жоспарын жаза білу.</p> <p>4. Коучинг пен тәлімгерлікті қолдана отырып, мұғалімдер тобымен алқаласып және бірлесіп жұмыс істеу.</p> |
| <p><b>1б. Басқару</b></p> <p>1. Саналы жеке тұлғалық қағидаттар мен құндылықтарды ұстану.</p> <p>2. Жеке кәсіби дамуды жоспарлауды қалай басқару керектігі туралы деректерге қол жеткізу.</p> <p>3. Мектептің өзін-өзі бағалау және дамытуды жоспарлау үдерісін қарастыра алу.</p> <p>4. Өзін-өзі эвалюациялауды іске асыра алу.</p> <p>5. Стратегиялық жоспарды; мектептің өзін-өзі эвалюациялау мен даму жоспарларын іске асыра алу.</p>   | <p>1. Бірінші «Мектептегі тәжірибе» кезеңінде іске асырылатын және оқытудың екінші кезеңінде мұқият бағаланатын мектептің даму жоспарын сынамалау.</p> <p>2. Рефлексиялық есептерден шығатын әрі қарай дамуды жоспарлаудың келесі айналымына арналған стратегияларды анықтау.</p> <p>3. Қайта қаралған мектептің даму жоспары алты айлық екінші «Мектептегі тәжірибе» кезеңінде іске асырылады.</p>  |
| <p><b>1с. Болашақ бағыттар</b></p> <p>Берілген мәнмәтін аясында жаңа бағыттарды болжамдай және жоспарлай алу.</p>  | <p>Ел ішіндегі және халықаралық іс-шараларға сілтеме жасау.</p>  |
| <b><i>Бүкіл мектептің дамуы</i></b>  |  |

|  |  |
|--|--|
| <p><b>2а. Стратегиялық көшбасшылық</b></p> <p>1. Мектеп жағдайын түсінеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• мектеп мәдениетіне ықпал ету;</li> <li>• мұғалімдер арасында жақсы қарым-қатынас орнату;</li> <li>• оқушылар арасында жақсы қарым- қатынас орнату.</li> </ul> <p>2. Тиімді оқыту мен оқушының нәтижелері арасындағы байланыстың маңызын түсіну.</p> <p>3. Барлық оқушылардан үлкен үміт күтудің маңызын түсіну мен үміт күте білу.</p> <p>4. Жағымды жұмыс ортасы мен жеке тұлғалық- кәсіби ахуалдың арасындағы байланысты түсіну.</p> <p>5. Кешенді мектеп деректерін жинау, түсіндіру мен пайдалануды түсіну мен білу.</p> <p>6. Деректер туралы кешенді ойларды жеткізе білу.</p> | <p>1. Мұғалімдерге кәсіби жұмыстарын орындау үшін қолдау көрсетілетін және сенім білдірілетін жағымды жұмыс ортасын ұйымдастыра алу.</p> <p>2. Оқушылар қалай оқу керектігін біледі.</p> <p>3. Мұғалімдер «Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасының оқыту тәсілдерін тиімді қолданады, сол себепті оқушылар белсенді оқып, жоғары жетістіктерге жететін жағымды сынып ортасы қалыптасқан.</p> <p>4. Бірқатар мағлұматтар мен оқушылардың нәтижелерін қолдана отырып, сыныптарда орын алған тиімді оқытудың дәлелдерін жинау.</p> <p>5. Басшы оқытуды нысанаға алған іс-әрекеттегі зерттеудің қорытынды жазбаларын жүргізіп, әр түрлі тыңдаушылардың алдында оның нәтижелерін ұсына алады.</p> |
